

Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы № 28-3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 06 сәуірде № 10-6-144 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-7 шешімімен

Ескерту. Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 29.06.2016 № 4-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңдарына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Жалағаш кенті бойынша жер учаскелері үшін салықтық төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін және жерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2008 жылғы 9 қазандағы N 12-2 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-6-107 санымен тіркелген, "Жалағаш жаршысы" газетінің 2008 жылғы 5 қарашадағы N 91 санында жарияланған):

көрсетілген шешімнің кіріспесінде "жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын.

2) "Жалағаш ауданы аумағында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесін бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 қыркүйектегі N 20-4 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-6-129 санымен тіркелген, "Жалағаш жаршысы" газетінің 2009 жылғы 24 қазандағы N 84 санында жарияланған):

көрсетілген шешімнің тақырыбы мен бүкіл мәтіні бойынша "Ережесін", " Ережесі", "Ереже", "Ережеде", "Ережемен", "Ережені" деген сөздер тиісінше " Нұсқаулығын", "Нұсқаулығы", "Нұсқаулық", "Нұсқаулықта", "Нұсқаулықпен", " Нұсқаулықты" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-тармағының 2) тармақшасы күші жойылды - Қызылорда облысы

Жалағаш аудандық мәслихатының 20.06.2011 № 43-4 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
XXVIII-сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. ТАУПБАЕВ
К. СҮЛЕЙМЕНОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК